

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Боранқұлова. Дала Академигі.....	3
Ұ. Сабирова. Болмысы бөлек тұлға	8
Г. Сүндетова. Отты өлеңді Отарәлиев	9
И. Жуматова, А. Өміртай. Тарих. Тағдыр. Тұлға	14
М. Демесін. Жарқын болашақ кепілі – жас маман	20
Н. Султанова. «Не? Қашан? Қайда?» интеллектуалды ойыны	22
Ж. Суханова. Қыран құстың баласы	26
Қ. Қалықова. Әдептілік сәлемдесуден басталады.....	29
Б. Кенетаева. Қожа Ахмет Яссауи тағылымы	32
Н. Әбілқайырова. Мәдениет: Кітап. Білім. Тіл	34
А. Кобабаева, С. Байжуманова. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балаларды кітап оқуға баулу әдістері.....	36
А. Айтбаева. Қамқор әке – бақытты бала.....	38

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
11.12. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Дала Академигі

*Әке, сенің жасыңнан асып барам,
Кезі-кезі келгенде тасып та алам.
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,
Мына өмірге бәрібір ғашық балаң.*

*Құр алақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.
Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.*

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын,
- деп ақын Мұқағали Мақатаев жыр-
лағандай, «Қара сөздің қайыспас қары
нары болған», «Ар-ожданы мен на-
мысын адамгершіліктің падишасы
еткен», «Қайсарлық пен жігерлікті,
адамгершілік пен адалдықты, алғыр-
лық пен заңғарлықты бір бойына жи-
наған» елін, жерін қастерлеген параса-
ты биік, текті тұлға Қаратай Адамбаев
ағамыздың есімі жас ұрпаққа үлгі боп
қала береді!

Бар саналы ғұмырын
Жамбыл өмірінің дамуы-
на арнап, ел ішінде «Дала
академигі» атанған Қаратай
Адамбаевтың өмір жолы
өнегеге толы. Ол тар жол,
тайғақ кешулермен арпа-
лыса жүріп, өңірдің өркен-
деуіне үлес қосқан азамат.

Өткен ғасырдың басын-
дағы түрлі нәубет Адам-
баевтар әулетіне де өзінің

салқынын тигізді. Бірақ ата жолынан
айнымаған Әбдірахман Адамбайұлы-
ның Балтабай, Спатай, Жұматай, Қа-
ратай сынды ұрпақтары бала күнінен
ұлттың ұлағатын бойына сіңіріп өсті.
Ал аяулы анасы Бибіш Жиенбайқы-
зының қайсарлығы мен қайраткерлігі
де бүгінгі күнге дейін ел аузында аңыз
болып айтылады. Қаратай Адамбаев-
тың ата қанынан, ана сүтінен келген
қайсарлығы оның тұғырдан түспеуіне,
тектілігін жоғалтпауына өз үлесін қос-
ты. Ол еңбек жолын 1943 жылы Са-
рысу ауданы, Байқадам ауылындағы
орта мектепте директордың хатшысы
болып бастайды. Ал 1944 жылы Са-
рысу аудандық комсомол комитетінің
бөлім басшысы, хатшысы, 1945 жылы
Жамбыл облыстық комсомол коми-
тетінде нұсқаушы болады. 1946 жылы
Жамбыл қаласындағы Абай атындағы
мұғалімдер дайындайтын училищені
сырттай оқып бітіреді де, облыстық
«Сталиндік жол» (қазіргі «Ақ жол»)





газетінде корректор, меншікті тілші болып істейді. Ағасы Балтабайдың ақылымен ол ауылшаруашылығы саласына келіп, бұл салада да елеулі еңбек етті.

1952-1957 жылдары Алматы қаласындағы мал дәрігерлік институтын ойдағыдай бітіріп, 1957-1959 жылдары Талас ауданының шаруашылықтарында бас зоотехник, директорының орынбасары, 1959-1980 жылдары Мойынқұм ауданында ауыл шаруашылығының әр саласында басшылық қызметтер атқарады. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айтбай Назарбековпен бірге ауданды дамытуға күш салды. Бірлік — Мойынқұм — Ұланбел асфальт жолын, әр ауылға апаратын тас жолдар тартуға үлес қосты. Сонымен қатар мәдениет үйлерін, мектеп, балабақша, ауылшаруашылық кешендерін салу, электр жарығын тарту жолында да аянбай еңбек етті. Сол кездері шыққан Еңбек

Ерлері Жазылбек Қуанышбаев, Ділдаш Итбасов, Құдайберген Біртаев, Шоман Шәріпбаев, Ділдаш Итбасова сынды майталман шопандардың республика, Одақ деңгейінде танылуына жол ашты. «Мал санын көбейту үшін Қаратай Адамбаев сол кездегі облыс басшысы Асанбай Асқаровпен кеңесе отырып, Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында да болғаны бар. Соның арқасында «Заготскоттан» «Мойынқұм» совхозына 16000 қой беріліп, геологиялық барлау партиясы 150 метр

терендіктен ауыз су тартып, Шу арқылы көпір де салынды» деп еске алады Мойынқұм ауданының Құрметті азаматтары Н. Есілбаев, Ж. Қажамұратов, Ә. Тоқсанбаевтар.





Ал 1980 жылы Жамбыл облыстық ауылшаруашылық тәжірибе станциясының директоры болып тағайындалып, 1984 жылдан бастап Меркі аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауылшаруашылық-өндірістік бірлестігі басшысы қызметінде болады. Қаратай Адамбаев әр жылдары «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен 12 медальдың иегері атанды. Басшылық қызметтер атқарып жүргенімен, оның басылым бетінде жазған естеліктері, күнделігіндегі айшықты жазбалары қоғам өміріне белсене араласқан азаматтың болмысын көрсетеді. Талай жыл бойы бұйығып жатқан Сарыарқа, Бетпақдаланың төсінде төрт түлікті

өргізген Қаратай Адамбаевты халық белгілі ғалым Кәрім Мыңбаев, Социалистік Еңбек Ері, академик Уфа Ахмедсафиннен кейін өзіндік жол салған ғалым ретінде мойындады. Ол Меркіде қызмет атқарып жүргенде де ауылшаруашылық кешендерін салуға, малшылар мен диқандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының жақ-



сара түсуіне ықпал етті. Тіпті шалғай ауылдарға монша, медпункт, қонақүй, балалар оқитын интернат, пошта салды. Сорғобыға, тауда Ойранды арқылы Сандыққа дейін, одан әрі Қаракыстаққа жолдар салдырып, құдықтар қаздырды. Әлі күнге дейін меркілік шаруалардың арасында «Адамбаев келіп адам болдық» деген сөз бар.

Қоғам қайраткері, бес рет Ленин орденін алған, Жамбыл, Шымкент, Алматы облыстарын басқарған. Ұлы Тұлға Асанбай Асқаров атындағы Меркі көпсалалы колледжі Жамбыл облысының ауыл шаруашылығына үлкен үлесін қосқан, белгілі





қоғам қайраткері, ауыл шаруашылық саласының үздігі, Меркі ауданының Құрметті Азаматы, абыройлы азамат, Адамбаев Қаратай Әбдрахманұлының тұрған үйінде, қасиетті қара шаңырағында орналасқан.

Бар саналы ғұмырын Жамбыл облысы өңірінің дамуына арнап, ел ішінде, үлкен абыройға ие болып, ауылшаруашылық саласының өркендеуіне зор үлес қосқан, ғалым, қоғам қайраткері, абыройлы азамат, қамқор әке — Адамбаев Қаратай Әбдірахманұлын еске алуға арналған шахмат турнирін өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналған.

Қаратай Әбдрахманұлы 1929 жылы ақпан айының 27 жұлдызында Жамбыл облысы, Сарысу ауданы Байқадам ауылында дүниеге келді.

Әкесі Әбдірахман мен анасы Бибіжан 1929 жылдан 1938 жылға дейін Сарысу және Талас аудандарында еңбек еткен.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен, Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен. Артында сөзің менен ісің қалса, Өлсең де өлмегенге боларсың тең, - деп Абай айтамыз айтқандай, бір әкеден туып, мәуелі бәйтеректей өсіп-өніп, берекелі ғұмыр кешкен, айнала-

сына жақсылықтың нұрын шашқан, бауырмалдықтың үлгісі болған төрт ағайынды Адамбаевтарды бір-бірінен бөліп айту мүмкін емес, себебі олар елін, жерін сүйген, оған өлшеусіз еңбек еткен асыл Азаматтар еді

Ағасы Балтабай Адамбаев — ұлағатты ұстаз, белгілі жазушы, дарынды ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері, көрнекті әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты, ССРО және Қазақстан жазушылар одағының



мүшесі болған бауыры Қаратай Адамбаевқа:

*Қакежан, естілген қамыққанын,
Кетеді күңгірт тартып жарық ша-
мым.*

*Бұлт бұлыңғыр күн көзін жасыра ал-
мас,*

*Балақ жұққан балшыққа жабықпа-
ған.*

*Сен менің серігімсің, сыңарымсың,
Денеме дерт дарытпас тұмарымсың.
Шырпыңды шымшық теуіп сындыра
алмас,*

*Бұлт жетпес бұтағына шынарым-
сың.*

...Құндыз түк қой өсіріп Қызыл (Мойын) құмда,

Жағалай қыстау салдың ұзын Шуға.

*Бетпаққа бекет салып, қой қозда-
тып,*

Екінші еңбек еттің шөлде-тыңда.

*Отыз жыл Мойынқұмда еңбек еттің,
Орнына жыңғыл, шеңгел жүгері ек-
тің.*

Қай жерге сүт пен суат тапшы болса,

*Сол жерге маңдайыңның терін төк-
тің,* - деп өлең арнаса, ҚР ҰҒА акаде-
мигі Көпжасар Нәрібаев «Ағайынды
Адамбаевтардың бір-бірімен сыйлас-
тығы ел кісілердің арасындағы тату-
лықтан тіпті өзгеше» - деп еске алады.

Сыпатай Адамбаев — журналист, өмірінің соңына дейін Қазақ ССР Ми-
нистрлер кеңесінің теледидар, радио
хабар тарату жөніндегі мемлекеттік
комитетіне аға редакторы және бөлім
меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Жұматай Адамбаев — есепші-эко-
номист, ғалым агроном, 1952 жылда-
ры Жамбыл қалалық сауда басқарма-
сының директоры, 1965 жылдан Түр-
кістан астық совхозының директор-
лық қызметін атқарған.

Жыл сайын Асқар Тау Әке рухына
арнап, артында қалған ұрпақтары -
ұл-қыздары, немере-шөберелері құ-
ран бағыштап, еске алып, шахматтан
ауданаралық, облысаралық, халықа-
ралық турнир өткізіп тұрады. Жыл
сайын Асқар тау Әке рухына Қаратай
Әбдрахманұлы Адамбаевтың балала-
ры — Жамбыл облысы прокуратурасы
басқармасының бастығы, облыс про-
курорының орынбасары қызметтерін

атқарған, 1-дәрежелі Прокурор оза-
ты, прокуратура полковнигі Адамбае-
ва Зауре Каратаевна, экономика сала-
сының үздік қызметкері болған Ақма-
рал Каратаевна, технолог, кәсіпкер,
ІТ саласын, халықаралық деңгейде
қызмет атқарып жатқан балалардың
анасы — Лейла Каратаевна, Жамбыл
облыстық ауруханасы басшысының
орынбасары, дәрігер — Гүлжазира Ка-
ратаевна, немерелерінің атынан Жам-
был облыстық салық басқармасының
заңгері Вилис Адия және А. Асқаров
атындағы Меркі көпсалалы коллед-
жінің басшысы Шұға Мутаевна және
Қаратай Әбдірахманұлының ұл-қыз-
дары ұйымдастырып, жыл сайын шах-
маттан ашық турнир өткізіп келеді.

Ауылшаруашылық күніне орай,
белгілі қоғам қайраткері, ауылшаруа-
шылық саласының Үздігі, Меркі аудан-
ының Құрметті Азаматы — Адамбаев
Қаратай Әбдірахманұлын еске алуға
арналған ауданаралық шахматтан IV
ашық турнирі болып өтті.

Меркі ауданының шахмат, тоғыз-
құмалақ, дойбы федерациясының
Президенті Тынышбек Кембаев және
Асанбай Асқаров атындағы Меркі
көпсалалы колледжінің директоры
Шұға Қаратайқызы турнирде жеңген
шахматшыларды заттай сыйлықтар-
мен және дипломдармен марапатта-
ды.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Болмысы бөлек тұлға

*Майдангер жазушы, драматург Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл.
«Кемел Тоқаев — парасатты жан. Үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын,
қандай игі істер атқарса да, ешкімге міндет артпай, заманына сай адал еңбек
етті. Менмендік, тәкаппар қылықтан ада, ақылды жан еді»*

Жазушы Ә. Ыдырысов.

Биыл даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл. Ол қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының алғаш жолын ашқан көрнекті қаламгер. Осыған орай Орал қалалық кітапханалар жүйесінің №15 филиалы «Болмысы бөлек тұлға» тақырыбында әдеби сағат ұйымдастырды. Оған Серебряково ЖОББ мектебінің 8 «а» сынып оқушылары қатысып, қаламгермен жақынырақ танысты. Шара барысында жазушының елеулі еңбектері насихатталып, өмір жолы мен шығармашылығы туралы ақпарат берілді.

Кемел Тоқаев — 1923 жылы 2 қазан күні Алматы облысының Қаратал ауданындағы Қалпе ауылында дүниеге келген. Әкесі Тоқа ауыр шаруа еңбегімен айналысқан. Қаламгер сонау аштық жылдары

әке-шешеден ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленіп шығады. Ол 1940 жылы мектеп бітіріп, қолына кәмелеттік аттестатын алады.

Жастайынан журналист, жазушы болуды армандаған Кемел Тоқаев Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология бөліміне оқуға түседі. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Халықтық қорғаныс комиссариатының бұйрығымен Сталининград майданына аттанады. Ұлы Отан соғысында 226-атқыштар дивизиясының бөлімше командирі



болған. 1945 жылы 21 қаңтарда Польша жерінде шабуыл кезінде Гвардия сержанты оң аяғынан жарақаттанып, госпитальда емделіп шыққаннан кейін комиссия ұйғарымымен II топтағы соғыс мүгедегі ретінде әскери есептен шығарылады. Алматыға оралып, оқуын жалғастырады. Осында оқып жүріп, академик М. Әуезовтен дәріс алады. 1948 жылы оқуын ойдағыдай бітіріп, еңбекке араласқан. Әр жылдары республикалық «Жас алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерінде әдеби қызметкер, «Ұлан» газетінде хатшы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметін атқарған.

Кемел Тоқаевты қалың оқырман шытырман оқиғалы дүниелер жазатын қаламгер ретінде біледі. Оқиғалары тосын, шиеленісті болып, оқырманын бірден баурап әкетеді. Оның қаламы-

нан сұрапыл соғыс қасіретін суреттеген «Солдат соғысқа кетті», «Ұясынан безген құс», «Соңғы соққы» атты романдар, детектив жанрында «Түнде атылған оқ», «Тасқын», «Қастандық», «Көмескі із», т.б. повесть, әңгімелері және «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?» және «Сиқырлы сырлар» деп аталатын пьесалар жарық көрді. Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынысынан туады. Кемел Тоқаевтың болмысын, қаламгерлік қарымын тану үшін жазғандарын оқу керек.

Ұ. САБИРОВА,

Орал қалалық кітапханалар жүйесінің

№15 филиалының меңгерушісі.

Орал қаласы,

Батыс Қазақстан облысы.

Отты өлеңді Отарәлиев

Атыраулық ақын Марат Отарәлиевтің шығармашылығына арналған поэтикалық-сазды кештің сценарийі.

Мақсаты: оқырмандарға ақынның өмірбаянынан мағлұмат беріп, шығармаларын насихаттау.

Көрнекілігі: кітап көрмесі, слайд, сахнаны безендіру.

Қараңғы сахна. Баяу әуен. Сахнада ақын үстелі. Қалам, қағаз, кітап, май шам, тағы басқалар. Үстел басында ақын Марат Отарәлиев өлең жазып

отырады. Фонда ер жігіт дауысымен монолог оқылады.

Жігіт сөзі: Оның аласұрғанына қанша күн өтті. Түк өнер емес. Туған жері мен аңсаған арманын еске алды. Көз алдына дархан дала мен сағым елестегендей болды. Каспийдің толқындары жанын тербеп жатқандай. Оған әрбір өлеңі ақырғы демдей көрінетін. Ол жастық албырттық пен кінәмшіл күндерді артқа тастап, ақиқатқа бет бұрған екен. Өзінің соңғы өлеңін жазып жатқанын

түйсінді ме, сезінбеді ме бәймәлім. Бірақ, соған бет алды. Ақ парақ пен қалам және ақын ғана. Куәгер — бір Алла. Ешкім жоқ. Алдымен көзіне жас алып, жан дүниесі ашыла түсті. Сонымен қатар, арғы дүниенің есігі ашылғандай болды. Өлең басталды.

Сахнадағы ақын Марат «Уақыт» өлеңін оқиды.

*Зырлайды, тұрмайды уақыт,
Зырлайды күн мен жыл, ай мына.
Ол мені кей сәтте қуантып,
Кей сәтте жығады қайғыға.
Қуандым толысып қалса бақ,
Қайғырдым, кеудемде жасып ән.
Жастықта сын жасап әр сағат,
Биіктеу болуға асығам.
Минуттар, минуттар от кілең,
Барасың тағдырға жол артып,
Өмірден көрейін көпті мен,
Шығайын шашымды ағартып.
Минутың жоқ болсын басы артық,
Ол болса өмірдің оты не?
Мен кетем өмірді жасартып,
Әжім сал сен менің бетіме.*

Сахнадан ақын шығып кетеді. Кеш жүргізушісі шығады.

Жүргізуші: Ақындардың өмірі негізінен қиындыққа толы келеді. Оның да өзіндік себептері бар. О баста талант берген жазмышы, кейін соған сай сынақ беретіні де рас. Сондай тағдырлы ақынның бірі — Марат Отаралиев. Өлең орбитасына жарқырай көтеріліп, әп-сәтте халықтың ілтипатына бөленіп, махаббатының шуағын сезініп, алайда, қыршын кеткен ол соңына өлмес мұрасын қалдырды. Өлең аспанынан із тастап аққан құйрықты жұлдыздай болған Марат ақынның

өлеңдері күні бүгінге дейін оқыған жанның таңдайын қақтырып, өлең танытын елді елең еткізіп келе жатқаны ақиқат. Өлеңдері халық жадында қалған ақынның екінші ғұмыры, мәңгілік ғұмыры ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Марат жайлы айтылар аңыз да көбейетіні рас.

Қайырлы күн өлең сүйер оқырман! Бүгінгі ақын Марат Отарәлиев шығармашылығына арналған **«Отты өлеңді Отарәлиев»** атты поэтикалық-сазды кешімізге қош келдіңіздер!

Қазақтың 60-70 жылдардағы әдебиеті дегенде бірден ауызымызға Жүмекен, Мұқағали, Төлеген, Қадірлер ілігетіні айтпаса да белгілі. Кешімізге себепші болып отырған Отарәлиев те Мұқағалилердің буыны бола тұра, осы уақытқа дейін сирек айтылып келуі оның осалдығын білдіре ме? Ол кім еді? Пенделік пен адамгершілік арасында қандай әрекетке бет бұрды? Соңғы өлеңінің түйіні қалай аяқталды? Одан бұрын поэзияға деген танымы қандай еді? Алдымен ақынның өмір жолымен таныс болайық. Экранға назар аударыңыздар.

Экран арқылы ақынның өмірі мен шығармашылығынан бейнеролик жүреді.

(3 минут)

Бейнеролик тексті:

*Бастады мені жол алуан,
Тағдырмын ерте жоғалған.
Жеткізбей кетті қайтейін,
Кеудемде жүрген көп арман.*

Осы бір шумақ өлеңге бар арманы мен қысқа өмірін сиғызып кеткен ақын еді. Оның өзі айтқандай, әр алуан жолдың бастағаны да рас еді. Өмір жолын шо-

ферліктен бастаған Марат Отарәлиев өлеңін жаза жүріп, әр мамандық саласында жұмыс істеді. Бірақ, соның бәрінде де оның ақындығы басқалардан өзін дараландырып көрсететін. Табиғатында қыз мінез жігіттің қаламынан ылғи да лирикалық өлеңдер төгіліп келіп жататын.

Отаралиев Марат — 1938 жылы Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында туған. Туған жердің ала бөтен табиғатын ерте қызықтап өскен жас жігіт орта мектепте оқып жүргенде- ақ өлең жаза бастады, болашақ ақындық жолына кеңінен барлау жасады. Атырау педагогикалық институтын бітірген. «Социалистік құрылыс», Балықшы аудандық «Каспий таңы» газетінде істеді. Оның қаламынан «Көбелек» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы, «Қалампыр» өлеңдер кітапшасы жарық көрді. Өмірінің соңғы кездерінде Балықшы ауданының «Каспий таңы» газетінде жұмыс істеген ол балықшы өмірін жазуға біраз бой ұрды. Дегенмен, өзі айтқандай, жақсы өлеңге бара алмай, жаман өлеңді жаза алмай кетті.

Табиғатынан ақ көңіл, аңқылдақ ақынның жалындаған жастық шағы Алматыда өткен. 60-70 жылдардағы адуынды толқынның арасында Марат ақын да болған. Ақынның көзін көрген замандастарының мақала естеліктерін оқып шығып көз жеткізгеніміз — Марат бар ғұмырын өлеңге бағыштаған өте талантты лирик ақын еді.

Марат ақын 1973 жылы өмірден өтті. Марат Отарәлиевтің өлеңін өлтірмеген өлең сүйер қауым, Атырау

халқы, жары Гүлзада Ахметқалиева, ұлдары Абай мен Мұхтар бар.

Жүргізуші:

Бақыт деген не нәрсе екен, күлкі ма екен тынбаған,

Қыз сыры ма самал болып сыбырлайтын бір маған.

Жастық па әлде өзен болып ағатұғын күркіреп,

Жырлар ма әлде мен жазатын кеудемдегі бұлт үдеп.

Ақын бұл өлеңінде бақыт деген не? - деген сұраққа жауап іздейді. Бір қарасаң өз сұрағына өзі жауап беріп тұрған сияқты. Тақырып қоюға да қатты қызығушылық танытпағанын байқадық. Мұның өзі жасандылықтан аулақ екендігін дәлелдеп тұр.

Ойлар ма әлде сан қиялдың мөлдірінен мол ішкен,

Біреулер ме досыменен көп жылдан соң көріскен.

Мүмкін бақыт төбемдегі көкшіл нұры бар аспан

Достар шығар бақыт шешім таппай таласқан.

Арман шығар қайран жүрек бар қиялын құс қылған

Әскер қатарында отан алдындағы борышын өтеп жүрген 19 жасар жас бала Копетдаг тауын күзетіп тұрып: Билеп бір үміт кеудені, Байқатпай күндер өтуде. Жүрсін сен, Отан, менімен, Анамның суретінде, - деп келіп: ...Жүрсін, сен, Отан, менімен Аяққа киіп керзі етік, - дейді. Бұл жолдардан болашақ ақынның туған жерге деген шексіз махаббатын көреміз, ғажайып сыршыл лириктің дүниеге келгенін танимыз. Мысалы ақынның «Ақ кү-

шік» өлеңі — туған жерге, туған үйіне деген сүйіспеншілікке толы жып-жылы, ғажайып лирика. Ауылға он бір жыл бойы ат ізін салмаған ақын өзінің ауылға барғанын жыр жолымен өрнектеген. Ендеше, көп күттірмей ақынның туған жер тақырыбында жазған өлеңдеріне кезек берейік.

Поэзия минуты. Күй ойнатылады.
Өлең оқитын оқушылар ортада.

1. Туған жерге сыр;
2. Дала кеші;
3. Әжеме хат;
4. Ана;
5. Каспий толқыны;
6. Менің үйім.

Ән: Болат Қохаманов, Табылды Досымов «Жайықтың толқындары»

Жүргізуші: «Марат өзінің табиғатында «жуас» деп айтуға келетін жігіт. Ол бір жұлқынып, күркіреп өлең оқымайды. Біз, айналасында жүргендер, оның жаңа өлеңін аузынан жұлып алып, жарыса жаттайтынбыз. «Әлібек, сен оқышы менің өлеңімді. Сен оқығанда өзімді жақсы ақын сияқты сезінемін» дейтін. Өзінің көкейінде жүрген ойын толғағы жеткен әйел сияқты толғатып, біреудің ойына келмейтін, аузына түспейтін сөздерді жазу кез келгеннің қолынан келмейді. Маратта сол бар еді. «Ауылға хат» деген өлеңін ауылға бара жатқан досына аманат етіп самолеттен беріп жіберген еді. Ол ауылға жеткенше, жаңағы өлең «Лениншіл жасқа» шықты. Өлеңсүйер жұртшылық ол кезде Мараттың аузынан шыққан әр өлеңді қағып алатын, жариялайтын, қуанатын. Ол күй талғамайтын. Отырған жерінде бұрқыратып жазып тас-

тайды. Желпілдек жерлерге әуес жастық шағымызда дастархан басында қол сұртетін қағаздарға жазып кететін. Ертеңіне оқып берсек, оны жазғанын өзі мойындамайтын. ҚазГУ-де оқыған кезде жатақханадағы жігіттердің костюмін киіп кетеді. «Марат киіп кетті» дерсің» дейтіні бар. Ол еркелігі, серілігі өзіне жарасып тұратын. Мұқағали, Жұматай, Жүмекен — оның жолдастары. Мұқағали Атырауға келгенде Мараттың үйіне түсетін. Өте жай жүретін. Өзімен өзі, оңаша отыратын. Бүгінде ет пен терінің ортасындағы желді арқаланып, кеудесін соғып өлең оқытындарды көргенде Мараттарды сағынам. Кеудесін соғып өлең оқу — өлеңді өлтіру. Өлеңге обал жасамау керек», — деп тебірене еске алады Қазақстанның құрметті журналисі Әлібек Қайыров. Осы жерде сәл аялдап, Отарәлиевтің отты өлеңдеріне құлақ түрелік.

Поэзия минуты. Күй ойнатылады.
Өлең оқитын студенттер ортада.

1. Өлең;
2. Көк нәрсені білмейміз мына біздер;
3. Жол;
4. Үш ұрпаққа сыр;
5. Көктемнің күнін күтті жыр;
6. Өмір.

Ән: Табылды Досымов «Биіктік».

Сахнаға студент жігіт шығып ақынның ұлы Мұхтар Отарәлиевтің әкесі туралы жазған мақаласынан үзінді оқиды.

Фонда баяу әуен, экранда ақын суреттері көрсетіліп тұрады.

Мұхтар Отарәлиев: Оның шығармашылығының бір ерекшелігі әрқилы

ойтолғаныстар тізбегі тоғысып, сайып келгенде, шабыт пен қуаныш, жігер мен намысты оятатын өмірмәнділік рух сыйлайды. Ақынның «Кішкентай құс, нені жырлап тұрсың сен» деп басталатын өлеңінде шабытты рух пен терең байыпты ойдың лебі анық сезіледі. Бұл жерде «кішкентай құстың» қай құс екендігі маңызды емес. Адамның психологиялық толқуын «құспен» бөлісу дәстүрі бұрыннан-ақ тарихи сабақтасып келе жатқан архетип. Мәселен, «Әуелеп ұшқан алты қаз», «Көк көгершін, көгершін», «Қара бауыр қасқалдақ» т.б. адамның ішкі көңіл сезімінің «құспен тілдесу» арқылы толығы. Себебі, құс — өзінің физиологиялық болмысы, қауырсындарының жұмсақтығы, қыста жылы жаққа ауатындығы т.б. жағынан — нәзіктіктің; хайуанаттық тіршілік әлеміндегі бірден-бір әуеде қалықтап ұшатындығы, сол арқылы аспан әлемін кезіп, төмендегі тіршілікке байыппен қарап, оны бағамдауы және басқа хайуанаттарға қол жеткізілмейтіндігі арқылы — асқақтың және адалдықтың рәміздік көрінісі. Яғни, Марат Отарәлиевтің осы туындысында да нысанаға «құс» алынған, жай ғана құс емес, бей-жай, күнәсіз «кішкентай құс». Автор оған нені жырлағандығы хақында сұрақ қояды: «Нені жырлап тұрсың сен». Сұрақ риторикалық. Бірақ қоғамдық қатынастардағы, ақыл-ой сананың дискурс аймағындағы, адамдар арасындағы әдеттегідей диалогтағы риторикалық емес, табиғатпен тілдесу нәтижесіндегі екінші жақтың «белсенді еместігі» жағдайындағы риторикалық сауал.

Осы сұрақ арқылы ақын өзіне-өзі сауал тастап отыр. Себебі, ол құстың жырының мазмұнына өзі жауап беруі тиіс. Оның денесі кішкентай болғанмен, үні жалпы адам баласын тебірендетіндей күй шығарады. Ол осындай үнін «үздіксіз» жырлайды. Бұның жан тебіренер күйінен өмірдің әсем сұлулығының ырғағы анық байқалады:

«Мынау өмір сұлу екен шын сүйсең,
Соны айттың ба кіп-кішкентай тіршілік».

Бұл жерде өмірдің сұлулығына таңқалу — оның әсемдігін көре білумен шартталған. Дала әсемдігі мен хайуанаттар дүниесінің өзара үйлесімділігін түйсіну, оның ішінде, кіп-кішкентай құсқа деген сүйіспеншілік сезім — оның үнінің мазмұнына үңілумен тереңдетіледі.

Музыкалық номерлер (ән, күй)

Жүргізуші:

Жаңбыр кешіп қап кеткен он сегіздер,

Мен сендерді сағындым сенсеңіздер, - деп жырлаған ақиық Төлеген Айбергеновке ілесе:

Мен — жаңбырмын, мінезім бар бір қатал,

Кенет қайың-теректерді шулатам.

Мен — жаңбырмын,

Тоғай күткен нұрлы үміт, - деп киелі өлең өлкесіне жасындай жарқ етіп шыға келген Марат Отаралиев өзінің екпініне жұртты жалт қаратып, таңдай қақтырғаны даусыз. Қоштаспастан кете берем мен енді, Осылайша дүрліктіріп әлемді, - деп ақ нәсерді өз өміріне егіздеп алып, бар әлемге жар салады. Қалайша тез келсе, солай асы-

ғыс аттанған ақын өз өміріне осылайша өз өлеңі арқылы сәуегейлік еткен сияқты көрінеді де тұрады. Кеудесінде көп арман кеткен ақын Марат Отаралиевтің шығармашылығына арналған кешіміз осымен аяқталды. Өлең өлкесінде кездескенше аман-сау болыңыздар!

Шара соңында кітап көрмесі таныстырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекбаев, Қ. Мұнар күн [Мәтін] / Қ. Бекбаев; Ред.: Е. Дүйсенбай. — Алматы: Өлке, 2000. - 167 (1) бет;
2. Сүйеров А. Кеудесінде көп арман кеткен ақын: Ақын Марат Отаралиевті еске алу // Мәдениет. - 2022. - №1. - Б.8-9;
3. Ниетқалиева Г. «Отты өлеңді Отаралиев» тақырыбында поэзия кеші өтті.

Атырау газеті сайты. 28.12.2017 ж.;

Сілтеме: <https://atr.kz/zhanalyqtar/ottyi-le-di-otarialiev-ta-yiryibyind/>

4. Мараттың соңғы өлеңі. **Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, ақын АҚІҚАТ, 5 сәуір, 2016 ж.**

Сілтеме: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/6904>;

5. Мұхтар Отаралиев. Кішкентай құс, нені жырлап тұрсың сен? Мәдениет порталы 02.03.2019 жыл. Сілтеме: <https://madeniportal.kz/article/2584>

Гүлжан Орынғалиқызы СҮНДЕТОВА,
«Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
кітапхананы дамыту,
әдістемелік жұмыс бөлімінің
менгерушісі.
Атырау қаласы.

Тарих. Тағдыр. Тұлға

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар!

2-жүргізуші: Алаш азаматтарын ұлықтау айлығы аясында ұйымдастырылған «Ғибратты ғұмыр иесі — Мағжан» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 8-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Тарих. Тағдыр. Тұлға» тақырыбындағы интеллектуалды ойынға қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: Интеллектуалды ойынның мақсаты оқушыларды білімді, жан-жақты болуға баулу. Білуге, үйре-


нуге деген қызығушылығын арттыру. Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту. Көшбасшылық қабілеттерін ояту. Білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.

2-жүргізуші: «Тарих. Тағдыр. Тұлға.» интеллектуалды ойынына мектебіміздің 8-сынып оқушылары қатысып, білім додасына түседі. Модераторлар: Индира Жанатқызы және Ажар Бағдатқызы.

2-жүргізуші: Ойынымызды бастамас бұрын әділ қазылар алқасымен таныс-

тырайық.

1-жүргізуші: Бүгінгі интелектуалды ойын 4 кезеңнен тұрады:



2-жүргізуші:

Мықты болсаң — алдағыны басып оз,

Мықты болсаң — арттағыны жеткізбе!

Мықты болсаң — тайғанама көк мұзда!

Мықты болсаң — бөгеттерді бұзып өт! — деп, алғашқы сайысымыз — бәйге сайысына кезек береміз.

1-тур «Бәйге»

Барлығы 20 сұрақ. Әр сұраққа 1 балл. Әр командаға сұрақ кезекпен қойылады. Команда жауап бере алмаған жағдайда, жауап беру мүмкіндігі келесі командаларға беріледі. Қай команда бірінші қол көтереді, сол команда жауап береді.

1. Алаш партиясы қашан құрылды? **(1917)**

2. Алаш партиясы бағдарламасы қай газетке жарияланды? **(«Қазақ»)**

3. Алаш партиясы бағдарламасы неше бөлімнен тұрады? **(10)**

4. Алаш партиясы қай жылы жойылды? **(1920)**

5. Алаш партиясы төрағасы кім? **(Әлихан Бөкейханов)**

6. «Қазақ» газеті қай жылы жарыққа шықты? **(1913)**

7. «Қазақ» газеті бас редакторы

кім? **(Ахмет Байтұрсынұлы)**

8. «Қазақ» газеті редакторының көмекшілері кім? **(Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатұлы)**

9. Ахмет Байтұрсынұлы қай жерде дүниеге келді? **(Қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылы)**

10. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқын ілім-білімге, әрі мәдениетті қоғам құруға шақырған өлең жинағы? **(«Маса»)**

11. 1897 ж. Әлихан Бөкейханов қандай экспедиция жұмысына қатысты? **(Ф. Щербина)**

12. 1894 ж. Әлихан Бөкейханов қай мамандық дипломын алды? **(Орманшы-ғалым және заңгер)**

13. Алғаш қазақ әліпбиін құрастырған кім? **(Ахмет Байтұрсынұлы)**

14. Әлихан Бөкейханов өмір сүрген жылдар? **(1866-1937)**

15. Мағжан Жұмабаев өмір сүрген жылдар? **(1893-1938)**

16. Мағжанды мәпелеп өсірген анасы? **(Гүлсім)**

17. Әлихан Бөкейханов басқарған «Алаш» партиясына қарсы болған социал-демократиялық партия? **(«Үш жүз»)**

18. 1910 жж. Мағжан Жұмабаев Уфа қаласындағы қай медреседе оқыды? **(«Ғалия»)**

19. 1905-1910 жж. Мағжан Жұмабаев қай қалада оқыды? **(Қызылжар)**

20. Мағжан Жұмабаевтың Қазан қаласында алғаш жарық көрген жинағы? **(«Шолпан»)**

1-жүргізуші:

2-тур. «Жасырын сөзді тап!»

Для первой команды

Второй тур называется «Найти слова». Каждой команде выдается головоломка. Ваша задача найти 5 слов, связанные с сегодняшней темой и дать определения этим словам.

О	С	Т	П	Ж	И	Н	Б	Ё	Ш	Т	К
К	Т	Ж	Е	В	Л	П	Р	Ж	В	Ы	Э
Э	О	И	Т	Р	Я	Я	И	Ш	С	Ё	Щ
Й	Т	Э	И	Й	А	И	Л	Х	Д	А	О
Р	Й	Ш	Ц	Н	Л	Т	Э	С	Й	Л	З
У	З	Ж	И	Ъ	А	А	П	П	П	И	В
Г	Е	И	Я	К	Ш	Р	Н	А	Ф	Х	В
А	А	М	М	Ч	М	К	Й	Р	Г	А	Б
Б	А	Г	П	Т	Е	О	И	Т	Ю	Н	К
Щ	Ы	Ц	К	К	Л	М	Ч	И	Р	Г	Х
Щ	Ф	П	Д	Щ	Э	Е	Ц	Я	Б	О	С
П	Н	П	Ю	Т	С	Д	Ю	К	Й	А	Ё

Ответы

.	.	.	П	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	Е	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	Т	.	.	Я	.	.	.	.	.
.	.	.	И	.	А	И	.	.	.	А	.
.	.	.	Ц	.	Л	Т	.	.	.	Л	.
.	.	.	И	.	А	А	.	П	.	И	.
.	.	.	Я	.	Ш	Р	.	А	.	Х	.
.	.	.	.	.	.	К	.	Р	.	А	.
.	.	.	.	.	.	О	.	Т	.	Н	.
.	.	.	.	.	.	М	.	И	.	.	.
.	.	.	.	.	.	Е	.	Я	.	.	.
.	.	.	.	.	.	Д	.	.	.	.	.

Для второй команды

К	О	Э	Ф	Ф	И	Щ	Ц	О	С	Ж	Р
К	О	Л	О	Ъ	Я	У	Б	Я	Ё	Б	П
Б	Ё	А	В	О	И	З	Т	Б	Ч	Б	О
М	О	Ы	Т	М	Ц	Д	Ш	Ъ	Ы	О	Л
Ш	Г	А	С	З	Ю	Ц	К	Ф	Б	Ъ	И
Ё	Ц	Х	Р	Э	Л	М	С	Т	Н	Ъ	Т
К	А	М	А	Х	О	С	У	Д	Я	Ш	И

Ф	Ю	Е	Д	Б	В	Ж	Р	Ю	А	Щ	К
Ч	Щ	Т	У	М	Е	Ф	Щ	Д	Ч	П	А
Ю	Э	А	С	Я	Р	Г	Л	Я	У	Щ	Р
Э	М	У	О	Х	З	П	Р	Ж	У	Ь	Ё
Э	Ь	Л	Г	Д	Е	Я	Т	Е	Л	Ь	К

Ответы

.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	О	.	Я	.	.	.	.	.	П
.	.	.	В	.	И	.	.	.	.	.	О
.	.	.	Т	.	Ц	.	.	.	.	.	Л
.	.	А	С	.	Ю	.	.	.	.	.	И
.	.	Х	Р	.	Л	.	.	.	.	.	Т
.	.	М	А	.	О	.	.	.	.	.	И
.	.	Е	Д	.	В	.	.	.	.	.	К
.	.	Т	У	.	Е	.	.	.	.	.	А
.	.	.	С	.	Р	.	.	.	.	.	.
.	.	.	О	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	Г	Д	Е	Я	Т	Е	Л	Ь	.

Для третьей команды

У	К	Н	Ю	Й	С	Ы	Б	Т	У	К	Ч
Б	К	Й	И	Ю	О	Ю	П	Х	В	Щ	Ы
Ё	Ю	Ф	Д	А	Ё	Ы	Р	Ж	Е	Ж	Я
Ж	Ч	Е	Е	И	Э	Э	О	Щ	С	Ж	И
Ё	Н	Д	Я	Э	Э	Щ	Г	М	Е	А	М
Ь	И	О	К	Ь	Ц	У	Р	З	Р	Н	О
Э	О	Ц	Д	Ю	Ё	Ц	А	Ф	Д	А	Н
Ь	З	М	О	Ч	Э	Ц	М	К	Е	Ж	О
Ц	У	Ц	Ы	И	Ч	Ц	М	Я	М	Г	Т
Т	Р	Т	Л	Э	В	У	А	К	Ь	А	В
Ж	Х	Ш	В	П	И	Я	О	Н	К	М	А
Щ	Е	Ц	Т	Д	Д	Д	Ч	Ч	О	С	У

Ответы

.	.	.	П	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	Е	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	Т	.	.	Я	.	.	.	.	.

.	.	.	И	.	А	И	.	.	.	А	.
.	.	.	Ц	.	Л	Т	.	.	.	Л	.
.	.	.	И	.	А	А	.	П	.	И	.
.	.	.	Я	.	Ш	Р	.	А	.	Х	.
.	.	.	.	.	.	К	.	Р	.	А	.
.	.	.	.	.	.	О	.	Т	.	Н	.
.	.	.	.	.	.	М	.	И	.	.	.
.	.	.	.	.	.	Е	.	Я	.	.	.
.	.	.	.	.	.	Д	.	.	.	.	.

2-жүргізуші:

Айыра біл, жақсы менен жаманды,
Айыра біл, қарындаш пен қаламды.
Айыра біл, соқпағында өмірдің,
Айыра біл, үш тілінді — дей келе кезекті сайысымыз

3-тур. Суреттермен сәйкестендіру**«Қанатты сөздер»**

Each team is given quotes from famous figures. You must match the quotations with their authors.

Алаш азаматтарының қанатты сөздерін ағылшын тілінен аударып, суретпен сәйкестендіру керек

Akhmet Baitursynov:

“We must never forget that only those people who speak their own language and have their own literature have the right to claim independent life...”

“Any job will be done well and quickly if it is done by a knowledgeable person. This applies not only to physical labor, but also mental labor”

“One says that he wanted to work, but the place is bad, the other says that the people were bad. All these are empty words. There is no inconvenient place except prison, but you can work there too”

Magzhan Zhumabayev:

“The sea is deep, but the human soul is

even deeper”

“A nation without a language cannot survive for long. Such a nation is doomed. The language of the people, like a mirror, reflects the mentality, history, way of life, and character of the people”

“A child must be taught to believe in his own strength”

Alikhan Bukeikhanov:

“The desire to serve the nation and people is not a matter of knowledge, but of character”

“The people, their opinion, their will is the highest sanction of the law.”

«The descendants of the Khans have an enduring debt to the Kazakhs, and as long as I live, I will not cease to serve the Kazakhs.»

1-жүргізуші:**4-тур. «Көкпар»****Топ көшбасшыларына**

3 команда капитандарына Алаштың 3 зиялылары туралы сұрақтар қойылады. Әр зиялыға 10 баллдан бастап 40 баллға дейін ұяшықтар беріледі. Ойлануға 1 минут уақыт беріледі. Егер команда капитаны дұрыс жауабын таба алмаса, сұраққа жауап беру мүмкіндігі басқа капитандарға беріледі.

Мағжан Жұмабаев

10 балл: Мағжан Жұмабаевтың ту-

ған жері? (Солтүстік Қазақстан облысы, Сасықкөл жағасы)

20 балл: Мағжан неше жастан хат таныды? (4 жастан)

30 балл: Мағжан қандай ұйым құрғаны үшін айыпталды? («Алқа»)

40 балл: Қай жылы «Халық жауы» айыбынан Мағжанның есімі ақталды? (1960 ж. бірінші рет, 1988 ж. екінші рет ақталды)

Ахмет Байтұрсынұлы

10 балл: Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы? (1872-1937)

20 балл: Ахмет Байтұрсынұлы қай жылы қазақ әліпбиін жазды? (1912)

30 балл: 1926 жылы ғалымның қандай құнды еңбегі жарыққа шықты? («Әдебиет танытқыш»)



40 балл: Қай жылы Ахмет Байтұрсынұлының есімі ақталды? (1988)

Әлихан Бөкейханов

10 балл: Әлихан Бөкейхановтың туған жері? (Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)

20 балл: Әлихан Бөкейханов қай партияның төрағасы болды? («Алаш»)

30 балл: 1906 ж. Ресейдің І мемлекеттік Думасына қай облыстан депутат болып сайланды? (Семей)

40 балл: 2016 ж. елімізде Әлихан Бө-

кейхановтың неше жылдық мерейтойы атап өтілді? (150)

2-жүргізуші:

Ақыл керек білім тандап аларға,

Білім керек іске жақсы қарарға.

Ақыл-шырақ, қара түнді ашатын,

Білім-жарық, нұрын саған шашатын.

Әділ қазы мүшелері қорытынды жасап, командаларды марапаттайды.



Сөз әділ-қазылар алқасына беріледі.

1-жүргізуші: Интеллектуалды сайысқа белсене қатысып, ұшқыр ой, зеректігімен белсенді қатысқан оқушыларға алғысымызды білдіреміз!

Индира Жанатқызы ЖУМАТОВА,
Ажар Бағдатқызы ӨМІРТАЙ,
«№5 жалпы білім беретін мектебі»
КММ-нің ағылшын тілі
пәні мұғалімдері.
Балқаш қаласы,
Қарағанды облысы.

Жарқын болашақ кепілі

— жас маман



**Мәдина
Көпболқызы
ДЕМЕСІН,
Ә. Кекілбайұлы
атындағы ЖББ
мектеп мұғалімі.
Онды ауылы
Маңғыстау ауданы,
Маңғыстау
облысы.**

Жүргізуші: Қайырлы күн, ұстаздар және жас мамандар! «Жарқын болашақ кепілі — жас маман!» атты жас мамандар сайысына қош келдіңіздер!

Заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай: «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін — білім» десек, тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркеніетке апарар жолдың бастауы — мектеп. Рухани ұлттық қажеттілікке жарған білім ғана — ең мықты білім, рухани ұлттың тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана — болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтушы ұрпақ. Бұл ұлттық мектептің аса маңызды міндеті деп білемін. Бүгінгі жас ұстаз ертенгі білікті де ұлағатты ұстаз болмақ. Сондықтан мектебіміздің жас мамандарының арасында өздерінің білігі мен білімін көрсету үшін сайыс ұйымдастырылып отыр. Сайысымызды бастамас бұрын ортаға жас мамандарымызды шақырайық.

Ендеше сіздердің өнерлеріңіз-

ді бағалап отыратын әділқазы мүшелерімен таныс болыңыздар. Сайыстың ережесімен таныстырып өтейін. Сайыс бес бөлімнен тұрады.

1. Топты таныстыру;
2. «Білікті маман — ел тірегі» зияткерлік сайыс;
3. «Заманауи ұстаз» мұғалімдердің әлеуметтік желідегі белсенділігін анықтау;
4. «Шебер ұстаз идеясы» мұғалімдердің өз мамандығының шеберлігін анықтау;
5. «Әдіс-тәсілдер қоймасы» электрондық әдіс-тәсілдер.

- Ал енді сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Мұғалім — мамандық болса, ұстаздық адам бойындағы ұлықасиет. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен ұстаз деген есімге қаншалықты лайық болуына байланысты. Бүгінгі жаңа дәуірдің, жаңарған білімнің мұғалімге қояр талабының жүгі ауыр, олар үлгі боларлық бар жақсылық атаулының ең биігінен көрінуі тиіс. Ендеше алғашқы бөлім таныстыруды бастайық.

I тур Таныстыру.

- Мазмұны;
 - Көрерменге әсер етуі;
 - Орындау шеберлігі;
 - Эмоционалдығы ескеріледі
- (Әр топ өздерін таныстырады)

Жүргізуші: Елім дейтін жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе — ас бер, он жыл қалғың келсе — ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе — бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін ең қастерлі де, қасиетті мамандық ол — ұстаздық. Иә, мен қазіргі таңда жас маманмын, бірақ менің алар асуларым бағындырар шындарым әлі алда деген жастарымыздың ой-өрісін білу үшін келесі сайысымыз «Білікті маман — ел тірегі» деп аталады.

II тур — «Білікті маман — ел тірегі» зияткерлік сайыс.

Бұл бөлімде мамандықтары негізінде сұрақ-жауап арқылы қатысушының білім деңгейін, кәсіптік біліктілігін, ой-өрісін тексеру мақсатында өтеді.

Жүргізуші: Мұғалім — мектеп жүрегі болса, оның беделі мектептің беделі. Ал, мектеп — мемлекеттің басты тірегі. Олай болса, қазіргі таңда мұғалім білікті әрі шебер, ұшқыр ойлы, қабілетті, өз пәнін жетік меңгерген болуы керек. Мұғалімдер қатарын толықтырып отыратын мен секілді жас мамандар да талмай үнемі ізденіс үстінде болып, әр пәнді жоғары деңгейде, сапалы етіп өткізсе — шығар асуымыз алыс емес. Мұғалімдердің ізденістерін анықтау үшін келесі бөлім «Заманауи ұстаз» деп аталады.

III тур. «Заманауи ұстаз»

Мұғалімдердің әлеуметтік желідегі белсенділігін анықтау мақсатында алынып отыр

(Әр мұғалім әлеуметтік желідегі ютуб, инстаграм, ФБ, электрондық портфолиосын қорғайды)

Жүргізуші: «Бала жүрегі — кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұру керек», - деп М. Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің міндеті деп ойлаймын. Қазір жас маманмын — болашақта өзім білім алған ұстаздарым секілді білікті де, ұшқыр маман болу әр мұғалімнің мақсаты. Келесі бөлім «Шебер ұстаз идеясы» деп аталады, бұл бөлім мұғалімдердің өз мамандығының шеберлігін анықтау үшін қойылып отыр.

IV тур. «Шебер ұстаз идеясы»

(Бұл бөлімде әр топ ҚМЖ, сынып сағатының жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын қорғайды)

Жүргізуші: Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Сондықтан әрбір мұғалім бұл жауапкершілікті сезінсе, біздің мемлекетіміздің қорғаны нығая түспек. Менің ойымша, әрбір жас маман педагогикалық шеберліктерін дамытып үнемі ізденіс жолында болуы керек сонда ғана біз шәкірттерімізге сапалы білім береміз деп ойлаймын. Соңғы бөлім «Әдіс-тәсілдер қоймасы» деп аталады. Бұл бөлімде ұстаздарымыз электрондық әдіс-тәсілдерді көрсетеді.

V тур. «Әдіс-тәсілдер қоймасы»
электрондық әдіс-тәсілдер.

(Бұл бөлімде ұстаздарымыз электрондық әдіс-тәсілдерді көрсетеді)

Жүргізуші: Мен шәкірт тәрбиелеп оларды білім нәрімен сусындаттырамын.

Мен өзімді әлі еркін маманмын деп айтуға жүрексінемін, өйткені мен, еңбек жолына енді ғана қадам басып отырмын. Алар асуларым мен белдерім әлі алда деп білемін. Мен сүйкімді оқушылар мен оның жанұясына енген ұстазбын. Ата-ана маған ең қымбат баласын сеніп тапсырды. Сондықтан балалардың мектеп қабырғасындағы өмірі қалай болатындығы маған байланысты, сондай-ақ ата-ананың мектепке, ұстазға деген көзқарасының қалыптасуы да маған байланысты деп келген жас мамандардың алдарына қойған арман мақсаттары орындалсын. Әркім өз мамандығының шыңына жетсін деген тілекпен бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз. Сайысымыз

да өз мәресіне жетті. Сайыстың қорытындысын айту үшін әділ қазы мүшелеріне сөз береміз.

(Сайыс қорытындысын айту. Марапаттау)

Жүргізуші: «Адамның адамшылығы — жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Сондықтан да бүгінгі жас мамандарымызға ұлтымыздың өнегелі де тәрбиелі, білікті де білімді шәкірттеріңізді тәрбиелеуде аянбаңыздар дегім келеді.

«Не? Қашан? Қайда?» интеллектуалды ойыны

Сабақтың мақсаты: оқушылардың танымдық, интеллектуалдық өй-өрісін кеңейту.

- Сәлеметсіздер ме құрметті оқушылар, ұстаздар, бүгінгі «Не? Қашан? Қашан?» ойынына қош келіпсіздер. Сөзімді Абай атамyzдың қара сөздерінен бастағым келіп отыр. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі — білсем екен дейді. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-

жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнайкерней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық бермейді. Мұның бәрі — жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.» Бүгінгі ойынымыз да сол себептен «Не? Қайда? Қашан?» деп аталады. 8-10 сынып оқушылары

Білсем екен деген типке жатады деген үмітпен, оқушыларды таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

Таныстыру:

8-сынып; 9-сынып; 10-сынып; 10-сынып.

I негізгі бөлім:

8-сынып:

1. Физика — Қандай заттарда диффузия жылдам жүреді? (Газ)

2. Химия — Радиактивтілік және атом құрылысы жөніндегі ілімнің негізін салушы. Оның негізгі ғылыми жұмыстары атом ядросын зерттеуге арналған. Ол 1911 жылы атом құрылысының күн жүйесіне ұқсайтын планетарлық моделін ұсынған ағылшын физигі. Ол кім? (Эрнест Резерфорд)

3. **Қара жәшік.** Ертедегі Египетте майлы шаш сұлулықтың белгісі ретінде болғандықтан олар шаштарын майлап қоятын. Ал адам жерленер уақытта олардың бастарына күл себу ғұрпы болған. Осы аңыз бойынша бір күні қатты жаңбыр болып, адам жерлеу кезінде және кейін адамдардың өмірінде елеулі маңызға ие болған жағдай орын алған. Бұл не? (Сабынның пайда болуы. Сабын)

4. Информатика — Ақпараттық көлемін анықтайтын теңеу. (Хортли)

5. Математика — 1 қойды арыстан 2 күн жейді. Қасқыр 3 күн, ит 6 күн жейді. Егер үшеуі бірігіп жесе неше күн жейді? (1 күн)

6. География — Жер бетіндегі ең терең көл. Тереңдігі 1620 см. Көлде дүниежүзіндегі тұщы су қорының 20% шоғырланған. Көл өте бай флорасы мен фаунасымен ерекшеленеді. Жер-

гілікті тұрғындар бұл көлді «теңіз» деп атайды. Бұл қай көл? (Байкал көлі)

7. Биология — Барлық әскери қызметтегілер, дәрігерлер және де қауіпкерлі жерлерде жұмыс істейтін адамдардың құжаттарында, сырт киімінің кеуде тұсында қан топтары, резус-факторлары жазылып тұрады. Сұрақ: Неліктен? (Жарақаттанған жағдайда, қан көп жоғалтқанда қажет ақпарат)

9-сынып:

1. Физика — Күнді 30 жылда бір айналатын планета? (Сатурн)

2. Химия — Жеміс жақсы сақталуы үшін оған қант себу керек. Мұның сыры неде? (Бактериялардың дамып көбеюі үшін ылғал қажет. Ал қант артық ылғалды өзіне жұтып, сіңіріп алады)

3. **Қара жәшік.** Ол құрылғының шығу тарихы соғыстан кейінгі жылдармен тығыз байланысты. АТ және Т зерттеу лабораториясы ойлап тапқан. 1947 жылы ол өте қажет еді, бірақ оны өзімен бірге алып жүру қиын болды, себебі оның салмағы 30-40 кг дейін жетті. 50 жылдары оның салмағы азайып, 70 жылдары 12-14 кг болды. Қазіргі заманда ол құрылғы кеңінен таралған, салмағы 1 кг-дажетпейді. Мектебімізде ол құрылғыны ұстауға тиым салынған, бірақ ата-аналардың айтуы бойынша ол балаларына қажет. Сұрақ: Бұл не? (Ұялы телефон)

4. Информатика — Ақпараттық көлемін анықтайтын теңеу. (Хортли)

5. Математика — Қорапта көк, қызыл және жасыл қаламдар бар. Барлығы 20 дана. Жасыл қаламдарға қарағанда көк қаламдар 6 есе көп. Көк

қаламдарға қарағанда қызыл қаламдар аз. Қызыл қаламдар нешеу? (6)

6. География — Қазақстанның, Қытайдың, Ресейдің территориясымен ағып өтетін өзен. Ұзындығы — 4 248 м. Бассейіннің ауданы — 1 643 мың км². Бастауы — 2 500 м биіктікте Алтай таулары. Орналасуына қарай ерекшеленіп, ақ, қара деп бөліп аталатын өзен. Сұрақ: Бұл қай өзен? (Ертіс)

7. Биология — Ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұруын арттырады. Сүйек пен тістің беріктігін арттырады. Көкөністер мен жеміс-жидек құрамында болады. Ол итмұрын, лимон басқа да цитрус дақылдарында, қырыққабатта көп болады. Бұл дәруменнің авитаминозы кезінде құрқұлақ (цинга) ауруы дамиды. Сұрақ: Қандай дәруменді сипаттап тұр? (С дәрумені)

10 «а» сынып:

1. Физика — Изохлорда қандай шама тұрақты болады? (Көлем)

2. Химия — XIX ғасырда әр түрлі заттарды химиялық анализдеу үшін «Хамелеон» ертіндісі қолданылады. Ол қалыпты күйде күлгін түсті болды, қышқыл ортадағы тотықсыздану реакцияларында түссізденеді. Ал, реакция артық мөлшердегі сілтілік ортада өтсе, ерітінді жасыл түске боялады. Қандай зат туралы айтылып тұр? (Калий перманганаты ерітіндісі)

3. **Қара жәшік.** 2004 жылы ағылшын халқына мынандай сұрақ қойылды. Сіз қай затты жек көресіз және де бұл затсыз өмір сүре алмайсыз? 1 — орында ұялы телефон, 3 — орында теледидар. 2 — орында тәулігіне бірақ рет қолданылатын зат. Сұрақ: 2 — орын алған қандай зат? (Ұйқыдан оятатын құрал (будильник))

4. Информатика — Компьютердің интернетте орналасқан орнын нақты анықтайтын жазба. (IP-адрес)

5. Математика — Марат әкесі 30-ға келгенде туған болатын. Қазір оның жасы әкесінің жасынан 4 есе кіші. Мараттың әкесі қазір нешеде? (40 жаста)

6. География — Мұхитта қатты жылдамдықпен айналатын қуатты құйынның бірі. Ол өз жолындағы кез келген құрылыстың бәрін қиратып, бөлшектеп тастайды. Оның «Пілтұмсық», құбыр, бағана сияқты түрлері бар. Бір қызығы ол сағат тіліне қарсы бағытта айналады. Сұрақ: бұл қандай құбылыс? (Торнадо)

7. Биология — Өсімдіктерде қор ретінде жинақталатын полисахарид. Ол майда дәндер түрінде өсімдіктердің түйнегінде, тамырында, астық дақылдарының дәнінде қорға жинақталды. Бұл көмірсуды өндірістік жолмен алуда картоп ең арзан материал болып табылады. Адамның азық-түлігіндегі негізгі көмірсу қандай? (Крахмал)

10 «б» сынып:

1. Физика — Заттың 4-күйі қандай? (Плазма)

2. Химия — Теңіз дауылына ұшыраған 3 адамды жел қайығымен иесіз аралға әкеп тастайды. Олар алдымен жылынып тамақ әзірлеу үшін от жағады. Жел отты өшіре берген соң айналасын аппақ, жұмсақ тастармен қоршайды. Отын жақсы болғанмен не себепті екені белгісіз, отын қатты үрлеп отырмаса өшіп қала берген. От өшпес үшін үнемі үрлей отырып, отты жағып, тамақтанып болғанда ұйқыға кеткен. Таңертең от сөніп қалған. Отты жағатын оттықтарынан айрылған. Сонда біреуі «Мен отсыз тамақ пісіре ала-

мын» дейді де, кешегі отты қоршаған ақ, жұмсақ тастарды үгітіп, шұңқырға салады. Үстінен жұмыртқаны олардың арасына үгітілген тастарды толтыра салады. Сосын бұлардың үстінен су құйып жібергенде, тастар быжылдай бастайды. Бу шығып, біраздан соң жұмыртқалар да піседі. Бұған таң қалған достары «Сен өзің сиқыршысың ғой» дейді. Сұрақ, бұл қандай сиқыр еді? (Үгітілген тас — сөндірілмеген әк. Яғни кальций оксиді. Кальций оксиді сумен әрекеттескенде көп мөлшерде жылу бөлінеді. Бөлінген жылу жұмыртқаны пісіреді)

3. Қара жәшік. Бұл элемент ерте заманнан бері адамға белгілі болған. Біздің жыл санауымыздан 900 жыл бұрын Гомердің «Одиссей» атты шығармасында осы элементтің аластаушы және түссіздендіруші қасиеті туралы айтылады. Ол ауадағы ауру тудыратын микроағзаларды өлтіреді, паразит жәндіктерді жояды. Алайда, бұл элемент аурудан адамды ғана емес, өсімдіктерді де қорғаған. Онымен жүзім алқабын зиянкестер пайда болған жағдайды ыстаған, ал ұнтақтарын өсімдіктер жапырақтарына сепкен. Ол үшін ұнтақты сабынды сумен араластырып, өсімдікке бүріккен. Сұрақ бұл қандай элемент? (Күкірт)

4. Информатика — Пікірлер және олардың байланыстары туралы ғылым. (Логика)

5. Математика — Себеттегі ойыншықтардың саны екі таңбалы сан. Ойыншықтарды теңдеу 2,3 және 5 балаға бөліп беруге болады. Бірақ, 4 балаға теңдей бөлу мүмкін емес. Себетте неше ойыншық бар? (30 және 90)

6. География — Қуатты тропик-

тік циклондардың қиыр шығыстағы атауы. Дауыл сияқты жойқын энергиясы бар. Қирату деңгейі өте жоғары. Әсіресе, бұл Тынық мұхитта көп байқалатын құбылыс. Сұрақ: Бұл қандай құбылыс? (Тайфун)

7. Биология — Бұл дәруменді ультракүлгін сәулесінің әсерінен тері жасушалары синтездейді. Сондықтан «Күн дәрумені» деп те атайды. Көп мөлшерде балық майында, бауырында, жұмыртқада, сүтте, майда болады. Бұл дәрумен болмаса, кальций фосфаттары тамақтан қанға түспейді де, сүйек ұлпасында жетіспейді. Сүйек әлсіз болады. (D дәрумені).

Осымен 8-10 сыныптар арасында өткен «Не? Қайда? Қашан?» атты ойын-сайысымыз тамамдалды. Төрт топтың жүлдесін анықтау үшін әділ қазыларға сөз кезегін береміз.

Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Бүгін осы сайыста жеңіске жет.

Білімді, әрі білікті жас жеткіншек.

Қорытынды. Жеңімпаз топты анықтау. Дипломдармен мадақтау.

Тауды биік деме сен,

Талаптансаң шығарсың.

Қарсылас мықты деме сен,

Білімді болсаң жығарсың, - дей келе сайысымызды аяқтаймыз.

Нурия Амантаевна

СУЛТАНОВА,

Ш. Жексенбаев атындағы МБК

қосымша білім беру педагогы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Ұялы ауылы,

Бөкей ордасы ауданы,

Батыс Қазақстан облысы.

Қыран құстың баласы

Ақберен ақын Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арналған интеллектуалды ойын.

Мақсаты: Махамбеттің өмірі мен шығармашылығын жастарға таныстыру, ақынның намысты, рухты, қайсар қасиетін бойларына сіңіру.

Түрі: интеллектуалдық ойын.

Әдісі: сұрақ-жауап.

Безендірілуі: Ақын шығармашылығына арналған кітап көрмесі және виртуалды кітап көрмесінің көрсетілімі.

Барысы

Жүргізуші: Құрметті оқушылар, ұстаздар! Биыл жерлесіміз, от ауызды, орақ тілді Бұқар жыраудан кейінгі соңғы жырау, ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толып отыр. Махамбеттің қайғылы тағдыры да, отты жырлары да қазақ халқының рухани тіршілігіндегі үлкен құбылыс. Махамбет өлеңдерін, күйлерін бей-жай тыңдау мүмкін емес. Адамның жан-дүниесін дүр сілкіндіріп, ойран-асыр сезімдерге баурап, көк аспанды қарс айырған жасын отындай жарқ-жұрқ етіп, бар дүниені көз алдыңнан өткізгендей әсер қалдыратын туындылар. Азаттық идеясын Махамбетше жырлаған ақын қазақ даласында жоқтың қасы. Ресей патшалығының отаршылық саясаты қазақтың еншісіндегі Жайықтың арғы бетінен бергі бетіне қатынауға тыйым салғанда Исатай

мен Махамбет батырлар қол жинап, қарсы шықты. Махамбет поэзиясы — намыс дабылы, жорық жыры. Ерлік пен намысты жырмен мәңгілік ескерткіш етіп қалап кетті. Біздің мақсатымыз, елін сүйеде, жерін сақтауда, халықтың намысын, арын қорғауда Махамбет рухын алу, бойымызға сіңіру.

Олай болса, «Қыран құстың баласы» атты ақберен ақын Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған интеллектуалды ойынға қош келдіңіздер!

Сайысқа қатысушы оқушылармен таныстыру.

Төрешілер таныстырылады.

Ойын 3 бөлімнен тұрады:

1. «Менің атым — Махамбет»;
2. «Намыстың наркескені»;
3. «Махамбеттің жыр-жебесі».

«Менің атым — Махамбет», өмір жолына байланысты сұрақтар (әр қатысушыға 2 сұрақтан)

1. Махамбет қай өңірде, қай жылы дүниеге келді?
2. Өтемісте он ұл болған, атап өтіңіз?
3. Махамбет жасынан кімнің баласымен бірге өсті?
4. Жәңгір хан қара қазақ баласы Махамбетті өз ұлының жанында не себепті ұстады деп ойлайсыз?
5. Махамбеттің руы?
6. Махамбет қай жылы дүниеден өтті?

7. Бала кезінде қай тілде білім алды?

8. 1829 жылы Махамбет абақтыға 2 жылдай қамалды. Не себепті?

9. Махамбет қандай тілдерді жаз-
баша жақсы меңгерген?

10. Атасының есімі?

11. Махамбет өзі туып өскен өңір-
дегі жыраулардың мұраларын көкі-
регіне тоқып өсті. Сол кезеңнің жы-
рауларын атаңыз?

12. Жәңгір хан Махамбетті 1834
жылы, 9 маусымда старшын лауазы-
мына не себепті ұсынды?

13. М. Өтемісұлы кім?

14. Махамбеттің әкесінің есімі
кім?

15. Махамбеттің ағасы Бекма-
ғамбет Жәңгір ханның қасында кім
боп қызмет атқарды?

16. Махамбеттің інілері Исатай
бастаған көтеріліске қатысты ма, қай
інілері қатысты деп ойлайсыз?

17. Махамбеттің бойы неше метр
болған?

18. И.Тайманов бастаған ұлт-азат-
тық қозғалыс не себепті халық есінде
мәңгі сақталып қалды деп ойлайсыз?

19. Махамбет қай ханның тұсында
өмір сүрді?

20. И. Тайманов ұлт-азаттық қоз-
ғалысы қай жылдары болды?

**2. «Намыстың наркескені», ұлт-а-
заттық қозғалыс барысы, ақын өлең-
дері (әр қатысушыға 2 сұрақтан)**

1. Махамбет жырларының негізгі
тақырыбы?

2. Ақынның 19 жолдық шумақпен
бітетін өлеңі бар. Соның 18 жолы кө-
семшелі бағыныңқы сөйлемдер, ба-

сыңқы сөйлем-ең соңғы «Ерлердің
ісі бітер ме» дейтін бір ғана жол. Бұл
қай өлең?

3. Махамбеттің өзі туралы жырла-
ған өлеңдері?

4. Махамбеттің Исатайға арнаған
өлеңдері?

5. Махамбеттің күйлерін атаңыз?

6. Хас бәйтерек жығылып,

Жығылғаны естіліп,

Алыстағы дұшпаннан

Жақындағы «достының»

Қуанып көңілі тынған күн.

Мұндағы «алыстағы дұшпан» мен
«жығылған бәйтерек» кімдер?

7. «Тайманның ұлы Исатай» тол-
ғауы қалай басталады?

8. Исатай батыр қаза болған соң,
Махамбет не істеді?

9. Исатай бастаған қозғалыстың
тууына басты себептер қандай еді?

10. Көтерілісшілер қараша айын-
да Бекетай құмында подполковник
Гекке әскерінен жеңіліске ұшырады.
Не себепті?

11. Махамбет Ордадан кетерде
Жәңгір ханның бетіне тіке қарап тұ-
рып тұрып, не айтты?

12. Жәңгір хан Исатаймен күресте
ең алдымен Махамбетті аластау ке-
рек деп түйді. Не себепті?

13. Исатай батыр қай жылы, қай
жердегі шайқаста қаза тапты?

14. Ауыр әскер қол ертіп

Жасқұсқа барып кіргенде,

Айбатыма шыдамай,

Хан баласы жылады-ай,..

1837 жылы 27 қазанда хан ордасын
Исатай әскері қоршауға алды, бірақ
ордаға шабуыл жасамады. Не себепті?

15. Ақынның Исатайды «Арыстан еді-ау» деп сұңқар, арыстанға теңеген, батырға мінездеме берген, толық келбетін ашқан өлеңі?

16. Бұл өлеңді Исатай өлген соң, Махамбет батырдың атынан жырлаған. Исатай өзінің не үшін мақсатына жете алмағанын, көтеріліс кезінде жіберген қателіктеріне тоқталды, яғни Исатайдың ұрпаққа қалдырған өсиеті, қоштасу жыры. Әңгіме қай өлеңі туралы?

17. 1837 жылы Исатай батыр шегінуге мәжбүр болды. Жайықты жарып өтіп, жолдастарымен далаға қонады. Күн суық, боран. Ертемен тұрса, батырлар қар астында тоңып қалған. Жігіттердің көбі жылы үйді, қызыл шәйді, жылы үйді аңсайды. Сонда Махамбет жолдастарын жұбатып осы өлеңді айтқан екен. Ол қай өлең?

18. Өмірінің соңғы жылдарын Махамбет ақын қайда өткізді?

19. Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім..., - «Баймағамбет сұлтанға айтқан» толғауының осы жолында нендей арманын айтып тұр?

20. Мына тұрған Иса-екем

Ханның бір тауын қайтарған.

Ат туар ма шұбардай,

Ер туар ма бұлардай?

Мына отырған Иса-екем,

Дулығалы бас кесіп,

Дұшпанының қанына

Ақ алмасын суарды-ай...

Ақынның бұл өлеңі қалай аталады?

3. «Махамбеттің жыр-жебесі»

Әр қатысушы Махамбет өлеңін жатқа оқиды.

Қорытындылау. Марапаттау

Барлық қатысушыларға кітапхана атынан Диплом, Алғыс хаттар, арнайы сыйлықтар табысталады.

Жүргізуші: Махамбет ақын — ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде саналады. Сондай қоғам қайраткерлігімен бірге, өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ардақты ақын. Ол — тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кем пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Елінің еркіндігін көксеген бірегей тұлға, өр рухты ақын, дауылпаз күйші Махамбет Өтемісұлының өнегелі өмірі мен шығармашылығын жастарға насихаттап, жастардың мәнерлеп оқу шеберліктерін дамытып, сіздердің бойларындағы патриоттық сезімдерін оятып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған сайысымыз нәтижелі болды деген ойдамыз. Еліміздің өршіл, білімді жастарының қатары өсе берсін!

Жаңылсын Есмырзақыз

СУХАНОВА,

«Атырау қалалық

орталықтандырылған кітапханалар

жүйесі»

КММ-не қарасты №7 қалалық

кітапхана меңгерушісі.

Атырау қаласы.

Әдептілік сәлемдесуден басталады

Мақсаты: оқушы бойында әдептілік пен алғырлық, адами қасиеттерді қалыптастыру. Жаман мен жақсыны ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Түрі: брейн-ринг.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Өткізілу барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Кіріспе бөлім. Көрініс.

«Әдептілік сәлемдесуден басталады» тәрбие сағатының қонағы Қадыр ата келеді. Ұлдар қол беріп амандасады.

- Ассалаумағалейкум, ата!

- Уағалейкумассалам, балалар!

- Сәлеметсіз бе, ата!

- Сәлеметсіңдер ме, балапандарым!

- Ата, жоғары шығыңыз. *(Орындыққа жетелеп отырғызады оқушы).*

- Рахмет, рахмет, отырыңдар. Апайларың әдептілік жайында сөйлесіңіз деп шақырып еді, «Ассалаумағалейкум» деп амандасып жатырсыңдар, ал сендер осы сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

- Ата, «Ассалаумағалейкум» дегеніміз арабтың сезі «Сізге тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді.

- Ал, менің жауабым «Уағалейкумассалам» деген сөз ше? «Сізге де тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді ғой.

- Дұрыс, айналайындар. Маған сен-

дердің сәлемдескендерің қатты ұнады.

- Ата, әдептілік сәлемдесуден басталады деген емес пе? Біз үлкендермен сәлемдесуді білеміз.

Оқушыларды екі топқа бөлу. Әр топ өздеріне ат тандайды. Сайысқа түседі.

I айналым. «Үлкенге құрмет» деп аталады.

А) Екі топ үлкенге құрмет көрсету жайындағы әдептілік туралы айтып сайысқа түседі.

Үлкен кісіге бірінші болып сәлем беру керек;

Үлкен кісі үйден шығарда оның аяқ киімін дайындап беру керек;

Үлкендердің әңгімесін көңіл қойып тыңдау керек;

Үлкен адам алдында аяқты созып отыруға болмайды;

Үлкен адамның жолын кесіп өтуге болмайды;

Автобуста, көпшілік орындарда үлкен адамға орын беріп, құрметтеу керек.

Ә) Екі топқа ситуациялық жағдайға байланысты тапсырма беріп, тақырыпты өрбіту.

II айналым. «Парасат сыны» деп аталады.

а) Мақал-мәтелдер сайысы;

ә) Ырымдар мен тыйымдар.

• Сабақ кезінде белді таянуға болмайды;

• Жақты таянуға болмайды;

- Бетті басуға болмайды;
- Қолды тарақтауға болмайды;
- Басты шайқауға болмайды;
- Саусақты, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды;
- Адамға қарап қолды шошайтуға болмайды;
- Ішті тартуға болмайды;
- Тырнақты тістеуге болмайды;
- Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды;
- Біреуге қарап ерін шығаруға болмайды, т.с.с.
- Өзіңнен кіші іні, сіңлілеріңді ренжітуге болмайды;
- Кішкентайлар киінгенде, тамақтанғанда жәрдемдесіп жүру керек;
- Кішкентайларға дөрекі сөз айтуға болмайды, т.с.с.
- Айналайындар, әдепті балалар екенсіңдер. Отбасында, үйде қандай әдептілік сақтайсыңдар?
- Жер таянып отыруға болмайды;
- Тізені, табанды тартуға болмайды;
- Белді босқа бууға болмайды;
- Тізені құшақтауға болмайды;
- Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды;
- Бос бесікті тербетуге болмайды;
- Таяққа сүйенуге болмайды;
- Адамға пышақ, мылтық оқтануға болмайды;
- Құран оқып отырғанда күлуге болмайды;
- Ұйықтап жатқан адамды аттап өтуге болмайды, т.с.с.

III айналым. «Жорға» деп аталады.

«Білімдіге — биік орын» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, дана философ

әл-Фараби небір билік, мансап иелерінің алдында бас имей, өзін тәкаппар ұстаған. Біздің де арамызда кез келген қиын сұраққа төтеп бере алатын небір озық, жүйріктер де бар шығар. Соларды сынап көрелік.

Тапсырмалар:

1. Арманға қарағанда Архат әдепті, Арланға қарағанда Арман әдепті бала.
- Бәрінен де кім әдепті? (*Архат*)
2. Аптаның бес күнін атын атамай, қалай реттерімен санап шығуға болады? (*Алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, бүгінгі күні*)
3. Ана сөзінің ортасында не бар? (*Нәрі*)
4. Теңізден қандай тастар табылмайды? (*Құрғақ*)
5. Екібастұз қаласына биыл неше жыл толады? (*50 жыл*)
6. Қаламыздың әкімін ата. (*В. Наби-товский*)
7. Дүние жүзіндегі ең үлкен шөл. (*Сахара*)
8. Ертеден келе жатқан ұлттық сазды аспап. (*Қобыз*)
9. Әдеп дегенде, әдептіліктің несі түсіп қалады. (*Тілік*)
10. Қазақстан Республикасы күні қашан?
11. Мемлекеттік рәміздер;
12. Білім ордасы;
13. Мектеп директоры кім?
14. Мектебімізге неше жыл болды?
15. Басты байлық;
16. 1 жылда неше ай бар?
17. Ұя салмайтын құс;
18. Орман дәрігері;
19. Сабақ арасында болады.

Ұпайлары, жұлдызшалары саналып,
қорытындысы шығарылады.

Қорытынды: Оқушылар шығармашылығы.

1-оқушы:

Әдеп сақтап әманда,
Әрбір адал адамға.
Жасасаң сен жақсылық,
Қайтарады саған да.

2-оқушы:

Кішілерді аяла,
Білмегенін үйрет сен.
Өйткені сен әдепті,
Санасы бар бүлдіршін.

3-оқушы:

Кісілерден аянба,
Адамдығың көрінсін.
Қол ұшын бер көмектес,
Ол әрқашан саған дос.

4-оқушы:

Ақылы бар баласың,
Айтқан тілді аласың.
Намысты боп өссең сен,
Әдепті бала боласың. (Хормен)
«Әдептілік әлемі». Е. Өтетілеуов.
Қарсы ал ерте күн көзін,
Төсегінді жина да.

Асықпай іш тамақты,
Жалама аяқ-табақты.
Саусағыңды сормағын,
Салдыр-салақ болмағын.
Салма аузыңа инені,
Үзбе жұлып түймені.
Ашуланбай, долданып,
Жауап бергін ойланып.
Іштарлыққа жол берме,
Бакталастық білдірме.
Мақсат қылмай алдыңа,
Қыдырып құр, қаңғырма.
Сыйлап үлкен кісіні,
Қамқорлыққа ал кішіні.
Сақта көше тәртібін,
Бағдаршамның ал «тілін».
Әдет қыл бұл ісінді,
Сонда ғана сен бала,
Әдепті, ақылды боласың.

Қарлығаш ҚАЛЫҚОВА,
Абай Құнанбаев атындағы №2 жалпы
орта білім беретін
мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы.

*Ұстаздық ету - уақыт ұту емес, өзгенің бақы-
тын аялау, өзіннің уақытыңды аялау. Бірақ бұған
өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан
абройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық - ұлы
нәрсе.*

Зейнолла Кабдолов

Қожа Ахмет Яссауи тағылымы

Биыл қазақ тарихында емес, бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толып отыр.

Қожа Ахмет Яссауи түркістандық ғұлама, әулие, қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзия-



ның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Бала Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі аталас туысы болып келетін Арыстанбаб болған. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Йасы қаласына келіп, араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастай-

ды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетінен қойды. Кейін Бұхара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқыды. Оны тәмәмдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырады.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет». Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шыққан. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған



қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Ғұламаның 930 жылына орай Ақтөбе қаласында Жарық тұрғын үй



баяндамаларын оқып, Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен шығармашылығын, хикметтерінің тәрбиелік, философиялық мәнін Яссауи мен Абай ілімдерін, имани педагогиканың негіздерін жан-жақты талдап, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің құрылы-

алабында орналасқан №7 кітапхана, қазақ тілі және әдебиет, тарих пәндерінің мұғалімдерімен бірлесе Ф. Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясында «Түркі халқының рухани



көсемі» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.

Конференция мақсаты — оқырмандардың Қожа Ахмет Яссауи туралы теориялық білім деңгейін және әдеби шығармашылық танымын жетілдіру. Білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру, ел тарихы мен әдебиеті бойынша шығармашылық қабілеттерін анықтау, зерттеушілік және жобалау іс-әрекеттерін дамыту болып табылады.

Конференция қонағы ретінде Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Гулнар Нохымқызы Салиева шақырылды.

Шара барысында оқырмандар өз

сымен таныстырып, өз ойларымен бөлісті.

Конференция соңында Гулнар Нохымқызы конференцияға қатысқан оқырмандарға алғыс білдіріп, көп кітап оқуға, білімдерін одан әрі шыңдап, жан-жақты болуға шақырды. Конференцияға қатысқан оқырмандар Алғыс хатпен марапатталды.

**Базаркул
Бимуханбетовна
КЕНЕТАЕВА,
Жарық тұрғын үй алабындағы
№7 кітапхананың меңгерушісі
Ақтөбе қаласы.**

Мәдениет: Кітап. Білім. Тіл

Осындай атаумен Астана қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрінің қолдауымен, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бірлесіп ұйымдастыруымен Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Open Air – 2023 фестивалі өтті.

Мәдениет пен өнер адамдарын, кітапхана саласында елеулі еңбек етіп жүрген мамандарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, баспагерлер, қолөнер шеберлері, оқырмандар, еліміздің әр өңірінен 200-ге жуық кітапханашы қатысты. Айтулы фестивалге Хан ордасы

модельді балалар кітапханасынан мен – Нұрлы Әбілқайырова қатысып келдім.

Іс-шараны оқырмандар «Кітапханаға жол» флэшмобымен бастап, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов өңірлерден келген үздік кітапхана қызметкерлері мен ардагер кітапха-

нашыларды Мәдениет саласының жоғары наградаларымен марапаттады.

Бағдарлама барысында «BOOKS-TOP» яғни, кітапхана мен баспагерлердің кездесуі негізінде «Фолиант», Мұқаба», «Отбасы хрестоматиясы»,





«Абай», «Mazmundama», «Эльдорадо», «Астана кітап» сынды баспалардың көрме-жәрмеңкесін, антикварлық, қолтаңбалар және жаңа кітаптар көрмесін, Art-шеберлік сағаттарын, балалар павильонында интерактивті алаң, түрлі кездесулер мен театрландырылған қойылымдар тамашаладық.

Бағдарлама ауқымды болды-бұл антиквариат экспозициясы және жаңа кітаптардың тұсаукесерлері, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, онда көптеген мәселелер қызу талқыланды. Шара аясында жазушылар, журналистер, редакторлар мен кинорежиссерлер қатысқан «Кітап оқу — жетістік трамплині» атты Networking ұйымдас-тырылды.

Өңірлерден келген кітапханашылар тәжірибелік кейстерімен бөлісіп, ашық диалогта жазушы-баспагерлер ұлттық құндылықтарды арттырудың

заманауи тәсілдерімен ортаға салды.

Тәжірибелі тренерлер кітапханалық медиа жобалар, медиасауаттылық, «Мобилография және SMM-технологиялары», «Tik-tok контенттерін әзірлеу» сынды өзекті тақырыптарды талдап талқылады.

Фестиваль ба-рысында Л.Н.

Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры Дюсибаева Дариха Торебаевна өткізген «Кітапханалық медиа жобалар: медиасауаттылық» атты шеберлік сағатына қатысып, сертификат алдым.

Сонымен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың алғыс хатымен Бөкей ордасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Хан ордасы модельді балалар кітапханасы марапатталды.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде кітапхана мәртебесін көтеріп, алғыс жариялауы біз үшін үлкен жетістік.

Нұрлы ӘБІЛҚАЙЫРОВА,
Хан ордасы модельді балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Батыс Қазақстан облысы.


«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балаларды кітап оқуға баулу әдістері

Кітап — адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін — тәрбие құралы. Абай атамыз: «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге», - деп айтқандай, кітап оқудан жалықпайық. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде бірнеше шаралар өткізілуде.

Жобаның мақсаты: балаларды кітап оқуға баулу, соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру, үнемі кітап оқуға ын-

таларын қалыптастыру. Оқудан қол үзбеу арқылы балаларға рухани азық беру және ұрпақтың ілгері дамуына қосқан үлесіміз болмақ. Осы орайда, кітап оқу сағаты, мәнерлеп оқу байқауы, отбасылық оқу, сонымен бірге түрлі сайыстар жүзеге асырылып жатады. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай мектебімізде Мағжан оқулары өтті. Мағжан шығармаларын насихаттау бағытында өткізілген мәдени шараға 1-11 сынып оқушылар арасынан 75 оқушы қатысып, жүзден жүйрік оқушыларымыз марапатқа ие болды. Қазақстан халқы тілдер мерекесіне орай челлендж, тәрбие сағаты, зияткерлік сайыс, квест ойындары ұйымдастырылды.

25 қазан — Республика күні ұлттық мерекені ұлықтау мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылып, челлендж және тәрбие сағаттары жүргізілді. Кітап насихаттауды жүзеге асыру мақсатында кітапханада буккроссинг, буктрейлер, «Мен оқыған бір кітап», READX жобасы, викториналық ойындар тағы басқа түрлі қызықты шаралар өткізіледі. Демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін оқушылар үй кітапханаларындағы кітаптарын насихаттап



бейнебаян түсіреді. Бастауыш сынып оқушыларын ертегі арқылы тәрбиелеп, түрлі шараларды қолға алуға болады. Мысалы: ертегілік қойылымдар, сүйікті кейіпкерлерін суреттеу арқылы баланың тәрбиесіне дұрыс жол сілтеп, білімдерін шыңдауға көмектесеміз. Әрине, бұл шараларға ата-әжелерінің,

ұйымдастырылып, оқушылар оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен бөлісу үшін келесі оқырманға өздерінің оқыған кітаптарын жолдайды. Кітап – асыл қазына, кітап – рухани азық, кітап – жан серігің, ақылшың. Ендеше, түрлі әдіс-тәсілдермен балаларды кітап оқуға шақырайық!



ата-аналарының көмегі зор болады. «Отбасымен кітап оқимыз» атты жоба аясында отбасымен бірге кітап оқып, талдаймыз. Отбасылық құндылықтарды насихаттап, кітап арқылы мейірімділік пен адамгершілікке тәрбиелеу. Жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында мектептің инстаграм, фейсбук парақшаларына жүргізілген жұмыстар үздіксіз жарияланады. «Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті әдеби кейіпкерім» челленджері

**Акнур Балгабаевна
КОПАБАЕВА,
Ә. Ермаков атындағы мектеп-лицейінің
математика пән мұғалімі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Саягуль Туяккызы
БАЙЖУМАНОВА,
Ә. Ермаков атындағы
мектеп-лицейінің кітапхана
менгерушісі,
Қарағанды қаласы.**

Қамқор әке – бақытты бала

Меркі ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қамқор әке – бақытты бала...» атты аудандық әкелер семинары өтті.

Мақсаты: әкенің отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі әкенің ықпалын, рөлін арттыру.

Атаулы іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Нәрікбаев Нұрсұлтан Бақытжанұлы шақырылып, алғы сөзді бастады. Білім бөлімінің сектор меңгерушісі Иманалиева Сауле Болысбекқызы семинар тақырыбын айқын аша отырып, бала тәрбиесі мазмұнында баяндама оқыды. Қонақтар қатарына аудандық полиция қызметкері, прокуратура маманы, «Меркі тынысы» редакциясының басшысы шақырылды.

Семинардың басталуы «Әке – асқар тау» монологы мен «Ерке сылқым» күйінің орындалуымен ашылды.

Іс-шарада әкелермен тренинг, бейнероликті талдау, статистикалық сауалнама алу, топтық жұмыстар жүргізілуі барысында әкелер тарапынан толғаныстар байқалып, бала тәрбиесінде әкенің рөлінің ауқымды екендігін растап, өз пікірлерін жеткізді. Бүгінгі уақыт білім мен біліктің дәуірі. Әр ұстаз өзін үздіксіз жетілдіріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілетін арттыра алады. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – қоғамның басты талабы. Өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашыл, іс-әрекетінде тың жаңалықтар ашатын



біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлға қалыптастыру, заманауи, қарқынды дамып келе жатқан әлемде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелесек

ва Әлия шығып, бүгінгі шараны өте жақсы деңгейде жүргізді. «Әке – асқар тау» ер балалар оқыған монолог әдемі оқылды. Әсіресе «Отбасы – өмір аясы»



— біз үшін үлкен жетістік! «Қамқор әке – бақытты бала».

Әкенің отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі ерекше, әрі әкеге деген құрмет сезімін, әкенің бала тәрбиесіне, біліміне, тәртібіне ықпал етуіне көмектесу, «Әке» рөлін арттыру мақсатында аудандық үлкен іс-шара болып өтті. Аудандық Оқушылар «Үміт» сарайында өткен шарада келушілер «Әке көрген оқ жонар» көрмесін тамашалады. Зал тақырыпқа сай безендіріліп, көрерменге лық толы болды. Ортаға жүргізушілер №1 Асанбай Асқаров атындағы ЖОББМГ тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтбаева Айнура Кумисбековна мен №18 Ақкөз Қосанов атындағы ЖОББМ тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батырбеко-

атты №28 және №21 мектептің психологтары өткізген тренингтер жақсы көңіл күй сыйлады. «Әке қадірі» драмалық көрініс көрсетіліп, кесірлі келіннің қайынатасына көрсеткен қорлығы суреттелді. Бұдан кейін «Балаға үлгі болар әке бейнесі» әлеуметтік бейнеролигі көрсетілді. «Әкең барда орындарлар арманың» топтық жұмысы өткізілді. Шара соңында «Айна, қайшы, барыс» атты кері байланыс жасалып, қатысушылар өз пікірін білдірді.

Айнур Кумисбекқызы АЙТБАЕВА,
Асанбай Асқаров атындағы ЖОББМГ
директордың тәрбие ісі жөніндегі орын-
басары.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының сценарийлері
журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!

Басылым индексі
АБОНЕМЕНТ

«Мектептегі мерекелер
тәрбие жұмыстарының сценарийлері»

75489

Комплекті саны

2024 жылға, айлары

кайда													

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

Тасымалдау карточкасы

75489

Басылым индексі

ПВ орны

Бағасы	Жазылу мекен- жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны
		...тенге	...тиын	

2024 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											

кайда

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)